

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 ақпандағы № 12 "2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қарашадағы № 177 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 қарашада № 4635-12 болып тіркелді
Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін , субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 ақпандағы № 12 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4542-12 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін , субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы";

1 және 2 тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері бекітілсін.";

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Нораев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 10 қарашадағы
№ 177 қаулысына 1- қосымша
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 21 ақпандағы
№ 12 қаулысына 1- қосымша

2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидиялар көлемі	Субсидиялар сомасы, теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	51	510 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	10	150 000
2	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	1	150 000
3	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу				
3.1	Отандық	сатып алынған бас	150 000	1	150 000
Барлығы: 960 000					
Қой шаруашылығы					
4	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				

4.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4000	10	40 000
4.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2500	20	50 000
5	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	1	15 000
Барлығы: 105 000					
Етті құс шаруашылығы					
6	Құс етін өндіру құнын арзандату				
6.1	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	1 838 350	91 917 500
Барлығы: 91 917 500					
Жылқы шаруашылығы					
7	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	1	100 000
Барлығы: 100 000					
Түйе шаруашылығы					
8	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	сатып алынған бас	100 000	1	100 000
Барлығы: 100 000					
Жергілікті бюджеттен бюджет қаражаты есебінен:					
9	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
9.1	Ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	2 367	47 340 000
9.2	Ұсақ малдың аналық басы		5000	51 188	255 940 000
9.3	Жылқылардың аналық басы		20 000	29 053	581 060 000
9.4	Түйелердің аналық басы		20 000	16 631	332 620 000
10	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	3 271	179 905
Барлығы: 1 217 139 905					
2022 жылда резервке (күту парағы) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар					

11	Құс етін өндіру құнын арзандату				
11.1	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген килограмм	50	393 482	19 674 100
12	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
12.1	Ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	728	14 560 000
12.2	Ұсақ малдың аналық басы		5 000	20 826	104 130 000
12.3	Жылқылардың аналық басы		20 000	8 816	176 320 000
12.4	Түйелердің аналық басы		20 000	3 730	74 600 000
13	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	609	33 495
Резерв (күту парағы) бойынша барлығы: 389 317 595					
Жиынтығы: 1 699 640 000					

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 10 қарашадағы
№ 177 қаулысына 2- қосымша
Маңғыстау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 21 ақпандағы
№ 12 қаулысына 2 – қосымша

2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттары	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
1		1) өтінім берген сәтте 18 айдан асқан сиырлар мен қашарлардың		20 000		

	Ірі қара малдың аналық басы	өзінің аналық басының болуы; 2) жайылымдардың болуы			
2	Ұсақ малдың аналық басы	1) өтінім берген сәтте 12 айдан асқан қойлар мен ешкілердің өзінің аналық басының болуы; 2) жайылымдардың болуы	бас	5000	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорымен және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқормен интеграцияланған өзара іс-қимыл
3	Жылқылардың аналық басы	1) өтінім берген сәтте 36 айдан асқан, өзінің аналық басының болуы; 2) жайылымдардың болуы		20 000	
4	Түйелердің аналық басы	1) өтінім берген сәтте 18 айдан асқан, өзінің аналық басының болуы; 2) жайылымдардың болуы		20 000	